



Қала жеңімпаздары анықталды

Қосымша білім беру орталығында ауыл және қала мектеп оқушылары арасында қосымша білім беру орталығының Кубогі үшін волейболдан «Шұбар доп» турнирі өтті. Бұл іс-шараның мақсаты волейбол ойынын насихаттау арқылы мектептер арасында мықты команданы анықтау. Жарысқа қала және ауыл мектептерінің жогары сынып оқушылары қатысты. Жарыс нәтижесі бойынша қыз балалар арасында 3 орынды № 4 орта мектебі, 2 орынды Б.Майлин атындағы №3 орта мектебі, ал 1 орынды Ш.Уалиханов атындағы № 1 орта мектебінің командалары жеңіп алды. Ал ұл балалар арасында 1 орынды Сарыөзен орта мектебі, 2 орынды А.Құнанбаев атындағы № 6 орта мектебі, 3 орын-

ды Восточный орта мектебінің командалары иеленді.

Жеңімпаз командалар Қостанай қаласында өтетін облыстық волейбол турниріне жолдама алды. Іс-шара барысында қалалық білім бөлімінің әдіскері О. Дәрікенов жеңімпаз топтарға медальдар мен сыйлықтар табыстады. Қосымша білім беру орталығының әкімшілігі жеңімпаздарды қосымша білім беру орталығының Кубогімен және мақтау қағаздарымен марапаттады. Мұндай ауқымды іс-шаралар орталықтың ұйымдастырумен алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

Ғабит ХАСЕНОВ,
қалалық «Намыс» волейбол спорттық секциясының қосымша білім беру педагогы.